

крупномасштабной студенческой мобильности) рассмотрены возможности корректировки учебных планов университета Цукуба в соответствии с индивидуальными учебными планами направляемых на стажировку наших студентов с целью соответствия кредитов по изучаемым дисциплинам с тем, чтобы студенты не теряли дополнительный год на повторное обучение по возвращении.

Осенью 2015 г. был открыт при отделении японоведения научно-образовательный центр по изучению Японии и Центральной Азии совместно с университетом Цукуба. Сейчас в рамках работы центра разрабатывается программа дудипломного образования с университетом Цукуба. Открытие центра поможет привлечь спонсорскую поддержку зарубежных фондов и организаций для материально-технического обеспечения учебного процесса, осуществления различного рода проектов, поможет в решении кадровых вопросов.

В Японии существует старинная поговорка АЙ ЕРИ ИДЭТЭ АЙ ЕРИ АОСИ, что означает буквально - «выйдя из синевы, стань синей самой синевы». Так говорят об учениках, превзошедших своих учителей. Для каждого учителя – большая честь иметь таких учеников и к этому, несомненно следует стремиться. Японский язык очень сложен и требует много усилий для освоения.

Наши выпускники – работают в Администрации Президента РК, Посольстве Японии в РК и также в Посольстве Казахстана в Японии, в системе МИД РК, в различных других Министерствах, в Комитете национальной безопасности РК, на телевидении и радио Казахстана, в том числе и созданных ими самими фирмах, ведут преподавательскую работу в вузах РК. Высокий уровень востребованности наших выпускников – это показатель качественного образования на кафедре и факультете.

Использованная литература

1. Стратегия развития КазНУ им. аль-Фараби на 2015-2020 гг. Алматы, 2015 г.
2. Академическая политика КазНУ им. Аль-Фараби. Алматы, 2014.

Бахаутдинова Г.,

Әл- Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан
guzelya.ba@gmail.com

ШЕТ ТІЛІН ОҚЫТУДА ЖАҢА АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯНЫ ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ

Бейнематериал. Кез-келген шет тілін оқытудағы тәрізді жапон тілін үйретуде де *бейнематериалдарды көрнекі құрал ретінде пайдалану* студенттерді жапон тіліндегі сөйлеу үлгілерін тез түсініп, қабылдауға үйретеді. Бейнематериалдарды пайдалану әдісі оқыту процесінде

қолданылатын динамикалық көрнекіліктің бір түрі болып есептеледі. Бейнематериалдар өздерінің мазмұнына қарай түрлі-түрлі болуы мүмкін: бұл Жапониядан берілетін жаңалықтар, деректі фильмдер, көркем фильмдер т.с.с. Көрнекіліктің мұндай түрі студенттердің шет тілінде әңгімелесу дағдысын дамытып, сол үйреніп жүрген тілдің қолдану ортасы - тілдік микроортаны жасауға мүмкіндік береді [3]. Тілді меңгерудің практикалық мүмкіндіктерін кеңейтеді. Жапон тілін оқу процесінде видео материалдарды қолдану оқу процесінің тиімділігін арттыруға үлкен мүмкіндік береді. Видеофильмді қолдану студенттердің әр түрлі психикалық қызметтік жақтарын, ең алдымен, назарын және жадысын дамытуға жақсы әсерін тигізеді. Фильмнің немесе қандайда бір ақпараттық бағдарламаның мағанасын түсіну үшін студенттер белгілі бір мөлшерде күш-жігерін жұмсауға тура келеді.

Бейнематериалдарды көру барысында ақпарат түсетін әр түрлі каналдар (есту, көру т.б.) жұмыс істейді, бұл материалдарды жақсы меңгеруге оңтайлы әсерін тигізеді. Видеофильмдердің студенттерге психологиялық ерекшелігінің әсер етуі оқу процесінің интенсифтенуіне және коммуникативтік (тілдік және мәдени әлеуметтік) хабардарлығының қалыптасуына әсер етеді. Сонымен бірге, бейнеқұжат коммуникация қиыншылықтарын жеңудің бірден-бір құралы және шынайы сөйлеу шеберлігін дамытуда бейнематериал маңызды рөл ойнайтынын айта кету керек.

Бейнематериалдарды жапон тілі сабағында қолдану тиімділігі оқытушының оқу қызмет жүйесіне қандайда бір материалды ендіре алуына байланысты. Біздің пікірімізше, оқытушының негізгі тапсырмасы қандайда бір бейнеқұжатқа студенттерді дағдыландыру емес, студенттердің белгілі бір тапсырмасының негізінде әр түрлі деңгейлік қиындықтарына байланысты жаттығулар жүйесін жасау, сонымен бірге, бейнетаспада сөйлеп отырған диктордың сөзін болжау арқылы түсінуге үйрететін тапсырмаларды жүйелі түрде жасау. Мысалы, қандай да бір бейнетаспамен жұмыс жасағанда, бейнематериалды жақсы меңгеру үшін төмендегідей жұмыстар атқарылады.

Бейнематериалмен жұмыс істеу процесін 3 деңгейге бөлуге болады [1]:

- 1) Дайындық кезеңі;
- 2) Демонстрациялау кезеңі;
- 3) Қорытынды кезең;

Демонстрациялауға дейінгі немесе дайындық кезеңі. Бұл кезеңде бейнетаспаға басылған материалды студенттердің түсініп, қабылдануына кедергі жасайтын тілдік (лингвистикалық) және берілген материалдардың мазмұнына байланысты қиындықтарды жою жұмыстар жүргізілуге тиісті. Бұл жұмыстың түрлері төмендегідей [4]:

- бейнематериалдардың мазмұнына қатысты жаңа сөздермен танысып, оларды еске сақтауға арналған жаттығулар;
- мәтінде кездесетін сөйлеу үлгілерінің типтерін ажыратып, түсіндіру;
- бұрын игерілген лексика - грамматикалық материалдарды студенттің түсініп, есте сақтау дәрежесін тексеру;
- студенттерге бұрын таныс емес, оқылатын тілдің табиғатына тән сөйлеу формалары, сол елдің өмір шындығына қатысты сәттерді талдау;

- бейнематериалдың мағынасы мен формасын толық түсінуге қажетті әлеуметтік-психологиялық фон қалыптастыру;

- бейнематериалды түсінудегі қиындықтарды жою үшін оқу техникасын дамытуға арналған тәсілдерді пайдалану не болмаса бейнематериалдың аудиофрагменттерін тыңдау арқылы фильмнің мазмұнын түсінуді жеңілдету және т.б;

- сөздердің контекстегі мағынасын ажыратуға, кірме сөздерді, топонимдерді, антропонимдерді анықтауға және есте сақтауға арналған жаттығуларды орындау;

Фильмді демонстрациялауға дейін студенттерге мынандай тапсырмалар беруге болады: көрсетілетін материалдың мазмұнына байланысты сұрақтар, тестер, мазмұндауға көмектесетін жаттығулар, оқиғалар мен кейіпкерлердің іс-әрекетіндегі жүйелік пен тәртіпті есте сақтауға арналған жаттығулар, фильмдегі мәліметтер мен ақпараттарға баға беру не сипаттауға арналған тапсырмалар, сонымен бірге фильмнің мазмұнына сәйкес ана тіліндегі мәтіндерді оқып, аудару. Бейнематериалдармен жұмысты істеуді көрсетілетін фильмнің сценарийін, мәтінін оқытып, талдау жасау арқылы қабылдануына жол ашу арқылы да бастауға болады.

Бейнематериалдарды демонстрациялау. Оқытушы студенттердің фильмді көрумен бірге, олардың өздерін де белсенді түрде жұмыс істеп, оқу процесіне қатысуын қамтамасыз етуі қажет. Оларға фильмге берілген қысқаша аннотацияны, сценарийді, тезисті, фильмде кездесетін жаңа сөздер мен сөз тіркестерінің сөздігін пайдалануға мүмкіндік беруге болады. Сондай-ақ студенттерге фильмнің мазмұны бойынша конспект жасап отыруды тапсыру артық болмайды. Студенттердің назарын фильмдегі дыбыстық және суреттік қатардың сәйкестігін анықтауға аудару керек.

Оқытушы студенттерге көрсетілетін бейнематериал туралы жапон тілінде қысқаша мәлімет беріп, оларға фильмнің мазмұнына сай алдын-ала сұрақтар беру, түйін сөздерді жазып отыру, фильмдегі негізгі ойды растайтын, жоққа шығаратын немесе жартылай растайтын сөйлемдер беру т.с.с алдын-ала нақты тапсырмалар беруден бастайды.

Кинофрагментті бір рет көрсеткеннен кейін студенттерге тағы да дайындық кезеңіндегідей тапсырмалар беріп, түсінген-түсінбегендігі тексеріледі. Кинофрагменттің мазмұны бойынша оқытушы мен студенттер арасында диалог жүргізіледі. Мұндағы негізгі мақсат - студенттердің фильмнің жалпы мағанасын түсінуі.

Келесі қосымша тапсырма студенттің фильмді толық, детальды түсінуін қамтамасыз ететіндей болуы керек. Тапсырма берілгеннен соң студенттер кинофрагментті екінші рет көреді. Сонан соң студенттің фильмді толық түсінгенін тексеру жұмыстары жүргізіледі: а) көтерілген фрагмент бойынша сұрақ қою; ә) бірнеше сөйлемнің ішінен фильмнің мазмұнына сәйкесін анықтау; б) бірнеше жауаптың ішінен дұрысын таңдау; в) көрсетілген фильм мазмұнының жоспарын жазу; г) фильм мәтінінен алынған сөйлемдерді логикалық тәртіппен орналастыру т.с.с. Осылайша фильм 2 не 3 рет көрсетілуі тиіс.

Демонстрациялаудан кейінгі кезең немесе қорытынды кезең. Бұл кезеңде ұсынылған бейнематериалдың мазмұнын түсіну мақсатына арналған, жоғарыда, яғни дайындық кезеңінде жүргізілген жұмыстардың тиімділігі не нәтижесі тексеріледі. Студенттердің фильмнің мазмұны мен тілдік формаларын, сөйлеу тәсілдерін меңгеру дәрежесі анықталады. Бұл кезеңде мазмұндаудың түрлеріне (қысқаша, сөзбе-сөз, талғамалы, коммуникативті) ерекше көңіл бөлінеді. Сұрақ-жауап, диалог, мәтінді рөлге бөліп қайталау, көрген фильмге қатысты өз көзқарастарын білдіріп, баға беру секілді жұмыстар жүргізіледі. Студенттердің фильмді түсінген-түсінбегенін тексеру де 2 түрлі болады [1]:

1) жартылай, талғамалы тексеру: фильмнің даусын басып қойып, студенттердің жекелеген кадрларды дыбыстауы (озвучиваие), яғни студент кадрларды көре отырып, фильмнің мазмұнын әңгімелейді.

2) толық тексеру (бақылау): фильмді өшіріп қойып, студенттер фильмдегі кейіпкерлердің рөлдерін ойнау, солардың атынан сөйлеу немесе фильмнің сюжетін аяқталған әңгіме ретінде 3-жақтан мазмұндау (монолог).

Бейнематериалдармен жұмысты фильмнің мазмұнына байланысты шығарма не мазмұндама жазумен аяқтауға болады. Сабақты жаңа сөздер, сөз тіркестері күрделі сөйлемдерді дауыстап қайталау, арабша сөз тіркестерінің қазақша баламасын сұрау немесе қазақша сөз тіркестерінің жапон тіліндегі эквивалентін табу (ауызша), жапон тіліндегі сұрақ-жауап сияқты жұмыстармен қортындылап, бекітумен аяқтауға болады. Бейнетаспалар студенттердің сөйлеу шеберлігін ғана дамытып қоймай, сонымен бірге елтану сипатына ие, тілін оқып отырған елдің мәдениетімен таныстырады.

Егер әдебиетті осындай мәселе жағынан қарастырсақ, осы күнге дейін техникалық құралдардың әр түрін түрлі бағыттарда қолданылып келгенін көреміз. Біздің мақсатымыз - осы айтылғандардан практикалық жағынан дамытатын оқу жоспарының мазмұнына негізделген барлық пайдалы жақтарын алу.

Кейде оқытушы фильмді көрумен, айтылған және болып жатқандарды түсінумен ғана шектеледі. Біз аудиториядағы жұмысқа тоқталғымыз келеді, ең алдымен, көрсетілген видеофильмнің негізінде сөйлеу, есту, жазу шеберлігін дамытуға аса көңіл бөлу.

Қазіргі таңда кино, видео тек көңіл көтеру шеңберінде ғана емес, саясатта, бизнесте, қызмет көрсету сферасында және білім беру саласында кең қолданысқа ие. Осындай ақпарат құралдардың қуатты түрі соңғы жылдары шетел тілін үйретуде кең қолданылып жүр. Видеоны қолданудың артықшылығы көп, мысалы тілді үйрету бағдарламасын түрлендіреді, тілді қолданудың әр жақтылығын және елдің тіл мәдениеті жағынан көзқарасын көрсетеді, аудиторияға шынайылық атмосферасын береді.

Видеоны қолдану танымдық үшін жай ғана көру немесе тыңдап шығу деген сөз емес, ақпараттың мазмұнына жетіп, студенттердің белсенділігі мен қызметі арқылы, сонымен бірге, жазба және ауызша жаттығулар арқылы студенттердің тілін оқып отырған елдің мәдениеті және әдет-ғұрпымен таныстыру. Өкінішке орай, фильм және видео көбіне тиімді қолданбайды.

Егер орынды қолданылса, ол оқытушының қолындағы мықты күшке айналады.

Фильмді аудиториядағы маңызды құрал ретінде қабылдау керек, бірақ та ол оқытушыны алмастырушы, не тілді үйретудің нұсқаушысы емес. Оқытушы - көрсетілімнің белсенді двигателі. Үйдегі пассив, кейде мағанасыз қараудан гөрі, аудиторияда сабақтың басынан бастап студенттерді белсенділікке тарту керек, себебі студент кейде экранды оқудағы оқу құралының нұсқауы ретінде қабылдамайды, сондықтан оқытушы студенттердің «экранмен жұмыстың» мақсаты мен тапсырмасын бастапқыдан түсінгенін қадағалау керек.

Фильм және бейнетаспалар бағдарламаға әр түрлі жолмен байланыса алады: тілдік, функциялық және тақырыптық жағынан. Материал мағынасының негізіндегі контекстік бағдарламада жұмыс жасасаңыз, таңдалған фильмнің тақырыбын талқылау маңызды. Егер фильмдер бағдарламаның тақырыптылық бірлігіне қосымша ретінде таңдалса, аудиторияда алған білімдерін студенттер фильмдегі оқиғаларды ойнап отырып, көріністен кейін өздерінің жұмыстарында пайдалана алады, сонымен қатар, бұл жерде, сол оқиғалар шынайы оқиғаларға жақындай түседі.

Тілді үйретуде фильмдер мен видеотаспаларды қолдану барысында көрсетілімнің ұзақтығы әр түрлі талас тудыратын тақырып болып саналады. Сабақта фильмді қолдану мамандарының кейбіреулерінің пікіріне сүйенсек, фильмнің орташа ұзақтығы 30 немесе 40 мин., бастапқы курстағы студенттер үшін 20 мин. Кейбіреулері 3-12 мин, дейін деп талас тудыруда [2]. Сондықтан, көрсетілімнің ұзақтығын тура көрсету мүмкін емес.

Осындай медиа түріндегі сабаққа дайындалу көп уақыт пен күшті қажет етеді. Біріншіден, осыған лайықты фильмді таңдау үшін оны қарап шығып, сабақты жоспарлау керек. Екіншіден, фильм сабаққа еңіп, әуес болу қаупі бар. Өйткені фильм немесе видео қуаты коммуникативті құрал болып бара жатыр, осы құрал арқылы жапон тілін оқыту бағдарламасын әр-алуан түрде өткізуге болады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Жанадилов Т.А. Видеофильмы в обучении иностранному языку// Иностранные языки в школах Казахстана. - 2004. - №6. - С. 7-11
2. Березовиков В. Коммуникативный метод и его основные принципы// Иностранные языки в школах Казахстана. - 2004. - №2. - С. 205-208
3. Ешимбетова З.Б., Маутаева З.Б. Интерактивные формы обучения иностранного языка // Иностранные языки в школах Казахстана. - 2004. - №2. -С. 43-45
4. Елуина Н.В. Основные трудности аудирования и пути их преодоления // Общая методика обучения иностранным языкам. М: «Русский язык» 1991, -С. 226-237

Bolat B., al-Farabi Kazakh National University
Nabyzhankyzy Z., al-Farabi Kazakh National University

SOME EFFECTIVE TECHNIQUES OF DOING IELTS READING

The International English Testing System (IELTS) is widely recognized as a reliable means of assessing the language ability of candidates who need to study or work where English is the language of communication. IELTS consists of four modules, Listening, Reading, Writing and Speaking.

One of the complicated tasks in IELTS exams is IELTS reading. Texts are authentic and are taken from books, journals, magazines and newspapers. They have been written for non-specialist audience and are on academic topics of general interest. Texts are appropriate and accessible to test takers. According to the official IELTS description, the reading texts comprise notices, advertisements, document and articles. The reading passages may be related to economics, education, science, medicine, the environment, geography, biology, culture and society. Texts also range from descriptive and factual to the discursive and analytical and may contain non-verbal materials, such as diagrams, graphs or illustrations.

The IELTS reading test, as a proficiency test, measures test takers' proficiency in reading comprehension, as represented by their ability to perform a range of tasks for academic purposes. Answering a test question involves a variety of interrelated skills, not one skill only. Compared with reading in real life, reading in a test situation calls for specific reading comprehension skills and techniques for examination conditions.

The IELTS examination tests your ability to read between 1500 and 2500 words in a fairly short period of time in order to find out certain information. In both the Academic and the General training modules, you are given 60 minutes to answer a total of 40 questions. The texts and items are graded in terms of difficulty. The test has three reading passages and each of the passages is accompanied by a set of questions. There may be more than one type of question in each set. For example, you may be asked to find detailed information in a text in order to complete sentences; you may have to identify views and attitudes within a text; you have to understand how something works and complete a diagram or chart [1,5].

In the IELTS test you are given texts to read which someone else has chosen for you. So it is important to skim through each text asking yourself the sort of questions that will help you understand it quickly. It is also important to gradually build on your understanding of the information that is provided in each paragraph of a text.

Here are some golden rules when you do IELTS reading: